

http://nadzor.pk.ru/analit/show_a.php?id=721; История прокуратуры http://nadzor.pk.ru/analit/show_a.php?id=156

6. Локк Дж. Сочинения. Т. 3. М., 1988.
7. Монтескье Ш. Избранные произведения. М., 1955.
8. Автономов А.С. Правовая онтология политики. К построению системы понятий. М.: ООО «Фирма Инфограф», 1999.
9. Сунь Ят-сен. Программа строительства страны. // Избр. произведения. М., 1964. С. 435.
10. Автономов А.С. Правовая онтология политики. К построению системы понятий. М.: ООО «Фирма Инфограф», 1999. С. 269.
21. Автономов А.С. Правовая онтология политики. К построению системы понятий. М.: ООО «Фирма Инфограф», 1999. Гл. 5.
32. Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации. Учебник для вузов. М.: Изд-во НОРМА, 2000. С. 131-132.
13. Зародин В.В. Государственный контроль как фактор социальной организации: Автореф. дис. ... к. социол. н.: Спец. 22.00.08. Саратов, 1999. 15 с.; Зародин В.В., Самсонов В.Б. Социальные инновации: организация и контроль. Саратов: Изд-во СГУ, 1999. 207 с.; Марков К.В. Государственный контроль. М.: Известия, 2004. 402 с.
44. Автономов А.С. Правовая онтология политики. К построению системы понятий. М.: ООО «Фирма Инфограф», 1999. С. 23.
55. Автономов А.С. Правовая онтология политики. К построению системы понятий. М.: ООО «Фирма Инфограф», 1999. С. 38.
66. Костенко П. Прокуратура – опора президентской власти // Российская юстиция. 1995. №4. С. 38-39.

Резюме

Билік бөлу жүйесінде басқа мемлекет институттарының аралығында адам құқықтары өкілетінің (омбудсман) мемлекет институты есебінде орнын анықтау мәселесінің әртүрлі жолдары көрсетілген.

Осы және тағы басқа мемлекеттік институттың басқа бір биліктік құрылымдар арасындағы орнын анықтауды талқылау барысында алға қойылған мәселелерді шешудегі өзге де мүмкіншіліктер қарастырылған.

Омбудсменді дербес мемлекет институты сияқты көрсету барысында автор әртүрлі «келісім» және «қарсы» аргументтерді көрсетті. Бұл мақаланың негізгі қорытындысы – қазіргі кезде бұл мәселе туралы бірыңғай пікір жоқ, содықтан да бұл мәселені шешу үшін ары қарай іргелі ғылыми зерттеу қажет.

Summary

This article reviews different approaches to the issues of human rights commissioner's (ombudsman) place as a government institute among other government institutes in the check and balances system.

Due discussion process with respect to the place of certain government institutes among other authority structures different possible approaches for the decision of the issue in question has been shown.

Author shows some "pro" and "cons" with respect to the issue of positioning of ombudsman institute as an independent authority branch. The basic conclusion is that today there is no common opinion regarding decision of the issue in question and there is need in further fundamental scientific research of the issue.

Казахский Национальный

университет им. аль-Фараби

Поступила 16.11.08г.

Ф. М. ДҮЙСЕН

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТУРИЗМГЕ БАҢДАРЛАНҒАН ЕЛДЕРДЕ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ СФЕРАНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ: БАҢАЛАУ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазіргі кезде дүние жүзінің қауымдастық елдері даңдарыс жандайлар мен құрылымдық ойысуларды басынан кешіп отыр. Мұның өзі қызмет көрсетумен байланысты түрлі салалар және сфералардың даму көрсеткіштері мен параметрлеріне өз әсерін тигізетіні сөзсіз. Бұл жерде болашағы бар және капиталға сыйымды туристік-рекреациялық сфера әлемдік жалпы ішкі өнімнің 6%-н, әлемдік инвестициялардың 7%-н, әрбір 16-шы жұмысшы орнын, әлемдік тұтыну шыңындарының 12%-н қамтамасыз етеді және көптеген дамып келе жатқан эко-

номикалардың катализаторы ретінде іс-әрекет жасайды. Туризм әлемдік аренада ХХІ ғасырдың серпінді, көпфункционалды, мәдениетаралық құбылысы болып табылады. Әлемде туристік келушілер саны 2007 жылы 903 млн адамды құраса, ал оларға қызмет көрсетуден түскен табыс мөлшері 856 млрд АҚШ долларын құрады [1]. Туристік келушілер қатарының өсуі 1990 ж. салыстырғанда 207,1%-ға, туристік табыстар өсімі 324,2%-ға артқаны байқалды. Ұлттық, аймақтық және аймақ-аралық деңгейде туризмнің даму үрдіс-терін талдау

негізінде осы салаға жан-жақты жүйелі тәсілдерді қолдану арқылы нағай кейбір мәселелердің түйінін шешуге болады. Осыған байланысты Қазақстанда және әлемнің аймақтарында туристік-рекреациялық сфераның жалпы даму кешенін талдап, бағалауға мүмкіндік туатынын аңғаруға болады. Туризм жаһанның түп-кір-түпкірінде әлеуметтік және экологиялық мәселелердің ушығып тұрған жерлерінде бой көтеріп, кәдімгі даму шарқына жетеді (Зимбабве, Кабо-Верде, Филиппин, Камбоджа, Вьетнам, Коста-Рика, Мальдив аралдары, Намибия, Перу тәрізді елдер). Мәселен, дүние жүзінің ең нашар дамыған 49 елінде туризм – мұнай өндіруден кейінгі шетел валютасы түсетін екінші табыс көзі болып есептеледі [2]. Туристік нарықты зерттеу тәжірибесінде оны мына бағыттар бойынша жүргізген қолайлы [3]:

- туристік нарықтың қазіргі жаңдайын негізгі экономикалық көрсеткіштер арқылы анықтау;

- туристік қызмет ұсынысы нарығының эволюциялық даму үдерістері мен үрдістерін ашып көрсету;

- туристік қызметке сұраныс жаңдайы мен үрдістерінің серпінін анықтау.

Туризм мен рекреациялық қызметтегі үдерістер туристік өнімді тұтынушылардың дамушы елдерге бандарлануын көздейді. Мұның өзі белгілі бір аймақтың жергілікті халық тұрмысы мен өмір сүру сапасы деңгейінің өсуіне, туризм инфрақұрылымының дамуы мен жаңаруына, эконо-микалық конъюнктураның жақсаруына жол ашады. Қоғамның әр қиырында туризм мен рекреация дәстүрлі ұлттық тұрмысты өзгертуге, экономиканы диверсификациялауға, табыстарды бөлуге, жеке мамандандырылған салаларды бір-бірімен интеграцияландыратын көп іс-әрекетті құрылымдарды жасауға зор әсер ететін ынталандырғыш күшке айналады (1-кесте).

Кестедегі туризм көшбасшы елдері бойынша туристік келушілер белгілі бір, отыз ранжирленген елдердің, әсіресе еуропалық мемлекеттердің ішінде басымдық танытып отырғанын айғақтап тұр. 1990–2006 жылдар аралығындағы келушілер динамикасы тұрақты түрде 5–6 елдің көшбасшы ретінде озып тұрғанын көрсетіп отыр (Франция, Испания, АҚШ, Қытай, Италия, Ұлыбритания). Аталмыш елдер отыз көшбасшылар ішінде тек қана туристердің 48,9%-ы иемденіп отыр немесе дүние жүзіндегі бүкіл туристердің 36,6%-ы шақ келіп тұр. Қытай мен Ресейде қарастырып отырған ең тартымды он

мемлекеттің ішінде туристер санының өсу қарқыны бойынша жоңары көрсеткіштер айқындалып тұр (сәйкес 476,1% және 671,3%). Мексика және Австрия шамалап бірдей позицияларды сақтап қалды. Италия 13 жыл бойы 4-ші орынды иемденіп, 5-ші орынға түсіп, Қы-тайға жол берді. Франция және Испания – дәс-түрлі туризм көшбасшылары ретінде өздерінің артықшылықтарын сақтап арттырды. АҚШ-тың әлемдегі екінші алпауыт туризм еліне айналып екінші орынға шығуы әбден мүмкін. Украина, Түркия мен Малайзия туризмде керемет позицияларды алудың амалын тауып, аутсайдерлерден туризмдегі он көшбасшы елдер санатына жақындап, еніп те үлгірді (2005 ж. Түркия дүние жүзінде 9 орында болды). ХХ-шы ңасырдың 90-шы жылдарында Венгрия және Австрия халықаралық туризм рейтингінің 5-ші мен 6-шы орындарында нық орналасқан еді (2006 ж. Венгрия 16 қатарға төмендеп 21-шы орынды, Австрия – 3 қатарға түсіп, 9-шы орынды місе тұтты). Біздің ойымызша, мұндай жаңдайлар туристік нарықтың жалпы конъюнктурасының өзгеруімен, жаңа бағыттардың пайда болуымен, экзотикалық дестинациялардың имиджінің артуымен, туризмдегі технологиялардың дамуымен тікелей байланысты болды.

1-кестедегі мәліметтерге сүйенсек, Грекия, Португалия тәрізді оңтүстік-еуропалық елдердің туристік қызметті арттыруға үлкен әлеуетке ие екеніне көзіміз жетіп отыр (өсу қарқыны 180,8% бен 140,7% деңгейінде сәйкес). Гонконг және Польша да туристердің қомақты бөлігін өздеріне тартып отыр. Таиланд Оңтүстік-Шығыс Азиядағы туризм «жолбарысы» ретінде танылып, ерекше-леніп тұр (өсу деңгейі 260,8%-ға тең). Хорватия Адриатика теңізінің маржаны атына лайық туризм дамуындағы сатысына қайта шықты. Египет және Сауд Арабиясы араб елдері арасында жұлдызы жанған туризм мекендеріне айналып, тұрақты позицияларын танытып тұр (өсу деңгейі 358,6% бен 390,2%-ға сәйкес). Оңтүстік-Африка Республикасы туризмнің жүйелі дамуын туристер санының өсуімен дәлелдеп отыр (өсу деңгейі 815,9%-ды құрап, әлемдегі ең жоңарғы көрсеткішке жетті). Ирландия мен Швейцария әртүрлі көрсеткіштер деңгейін байқатып тұр (біріншісі 218,2%-ға өссе, екіншісі 59,6%-ға кеміді). Сингапур және Жапония туризмнің өсу қабілеті жоңары, тарихи-мәдени мұраның ерекшелік-терімен көзге түсуде. Бельгия жаңа туристік өнімдерді ұсыну арқылы нағай өзінің позицияларын сақтап қалуы мүмкін. Сонымен туристерді қабылдаушы 30

1-кесте. Әлемдегі туристік келушілер бойынша көшбасшы елдер
(1990–2006 жж.)

Елдер	Туристер келушілерінің саны, мың адам						Келушілер өсуінің қарқыны 2006 ж. 1990 ж. % шаққанда
	1990	1995	2000	2003	2005	2006	
1. Франция	52,497	60,033	75,500	75,048	75,908	78,900	150,3
2. Испания	34,085	34,920	48,201	52,478	55,914	58,190	170,7
3. АҚШ	39,363	43,490	51,238	41,218	49,206	50,977	129,5
4. Қытай	10,484	20,034	31,229	32,970	46,809	49,913	476,1
5. Италия	26,679	31,052	41,182	39,604	36,513	41,058	153,9
6. Ұлыбритания	18,013	23,537	25,191	24,785	28,039	30,654	170,2
7. Германия	17,045	14,847	18,983	18,399	21,500	23,498	137,8
8. Мексика	17,176	20,241	20,643	18,665	21,915	21,353	124,3
9. Австрия	19,011	17,173	17,982	19,078	19,952	20,269	106,6
10. Ресей	3,009	10,290	21,169	20,443	19,940	20,199	671,3
11. Украина	...	3,716	6,431	12,514	17,631	18,936	509,6*
12. Түркия	4,799	7,083	9,587	13,341	20,273	18,916	394,2
13. Канада	15,209	16,932	20,423	17,534	18,771	18,265	120,1
14. Малайзия	7,446	7,469	10,222	10,577	16,431	17,547	235,6
15. Грекия	8,873	10,130	12,500	14,180	14,765	16,039	180,8
16. Гонконг (Қытай)	6,581	10,200	13,059	15,537	14,773	15,822	240,4
17. Польша	3,400	19,215	17,400	13,720	15,200	15,670	460,9
18. Таиланд	5,299	6,952	9,509	10,082	11,567	13,822	260,8
19. Португалия	8,020	9,511	12,037	11,707	10,612	11,282	140,7
20. Нидерланд	5,795	6,574	10,200	9,181	10,012	10,739	185,3
21. Венгрия	20,510	20,690	15,571	15,706	9,979	9,260	45,1
22. Хорватия	7,049	1,485	5,831	7,409	8,467	8,659	122,8
23. Египет	2,411	2,871	5,116	5,746	8,244	8,646	358,6
24. Сауд Арабиясы	2,209	3,325	3,700	7,332	8,037	8,620	390,2
25. Оңтүстік-Африка Республикасы	1,029	4,488	6,001	6,505	7,369	8,396	815,9
26. Ирландия	3,666	4,818	6,728	6,774	7,333	8,001	218,2
27. Швейцария	13,200	6,946	11,400	6,530	7,229	7,863	59,6
28. Сингапур	4,842	6,422	6,917	5,705	7,080	7,588	156,7
29. Жапония	3,236	3,345	4,757	5,212	6,728	7,334	226,6
30. Бельгия	5,147	5,560	6,457	6,690	6,747	6,995	135,9

Ескертпе.

1 Автор келесі дереккөздер бойынша құрастырған: Tourism Highlights. 2008 Edition/ www.unwto.org, Tourism Market Trends. 2006 Edition /www.unwto.org [1, 4].

2 * 2006 ж. 1995 ж. % шаққанда.

жетекші ранжирленген елдердің даму қарқыны, басымдықтары әртүрлі болса да, олардың мақсат-мүдделері, тұжырымдамалары ортақ және қазіргі қоғамның заңдылықтарына бейімделіп отыр.

Туризмде жаңа көшбасшылардың пайда болып, биіктен көрінуі қызмет көрсету салаларының түрленуі мен туристер саяхаттау уәждерінің өзгеруімен тікелей байланысты. Қазақстанда жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту кезінде туристік нарығының күрделі құрылымы қалыптасты. Экономика салаларында, соның ішінде туризм мен рекреацияда мемлекеттік меншіктен шығу және жекешелендіру үдерістері орын алды және республика халқының басым бөлігінің өмір сүру деңгейінің түсуі туристік қызметтің төмендеп

кетуіне әкелді. Осындай жағдайда нарықта шаңың туристік кәсіпорындар іс-әрекет жасай бастады. Олар негізінде шығу туризмі бойынша қызмет көрсетті (шоп-туризм сияқты бағыт дамыды). Туристік фирмалар арасында бәсекелестік күшейіп, ішкі туризмнің дамуына өзіндік игі әсерін тигізді.

Қазақстанның қазіргі экономикалық өсуі кезеңінде туризм мен рекреацияның қоғамдық даму құрылымында маңызды орын алып отыр. Туризмді жан-жақты зерделеу мақсатында оның даму үрдістерін Қазақстанның аймақтық ерекше-ліктерін ескере отырып қарастырған абзал. Туристік-рекреациялық нарықтың негізгі субъектісі ретінде туристік ұйымдардың қызметіне бағалау жүргізу қажеттігі өзекті болып тұр (2-кесте).

2-кесте. 2003–2007 жылдардағы Қазақстан Республикасында туристік фирмалардың іс-әрекеті

Көрсеткіштер	Жылдар				2007 ж. 2003 ж. % шаққандағы өсу қарқыны
	2003	2004	2005	2007	
Туристік фирмалар саны	713	751	846	1007	141,2
Жалпы қызмет етілген туристер, адам	229014	292738	434943	541930	236,6
Келу туризмі	44990	31367	39872	62117	138,1
ТМД елдері	2701	3546	7653	6144	227,5
ТМД-дан тыс	42289	27821	32219	56003	132,4
Шыңу туризмі	94692	154885	210692	286691	302,7
ТМД елдері	10156	17219	31263	24820	244,4
ТМД-дан тыс	84536	137666	179429	261871	309,7
Ішкі туризм	89332	106486	184379	193122	216,2

Ескерту. Автор мына дереккөздерге негіздеп есептеп жасаған [5, 6].

Туристік фирмалардың қызметіне талдау жасананда, олардың өсуі қызмет көрсетілген туристер санының артуымен тікелей байланысты екендігін байқап отырмыз (236,6%). Келу туризмінің әлі де болса ауытқуларға бейімдігін, атап айтқанда, 2003 ж. өсуін, ал 2004 ж. төмендеуін және 2007 ж. таңы өсуін көріп отырмыз, мұның өзі туризмнің тұрақсыздығын айғақтап тұр. Келу туризмінде ТМД елдерінен келетін туристердің саны 227,5% артқанына көзіміз жетіп отыр.

Шыңу туризмі туристік сапарлар құрылымында басым бөлікке ие. 2003–2007 жж. ішінде олардың өсуі 302,7%-ды құрады. Шыңу туризмінде туристердің негізгі легі ТМД-дан тыс елдерге сай келіп тұр (309,7%). Сонымен қатар ТМД-дан туристер санының 2,5 есеге артқаны байқалды. Мұның өзі географиялық және тарихи көршілік қатынастар мен дәстүрлі байланыстардың тамыры тереңде жатқанын дәлелдейді. Шыңу мен келу туризмінің даму қарқынымен салыстырғанда ішкі туризмнің өрлеп тұрғаны байқалады. Ішкі туризмнің даму қарқыны 216,2%-ды құрап, еліміздің аймақтарында туристер саны өсуінің тұрақты үрдісін көрсетіп тұр. Еліміз ішінде саяхаттап жүргендер санының артуы, халықтың әлеуметтік-экономикалық жаңдайының жақсаруы мен төлем қабілеттігінің өсуімен тікелей байланысты. Келу және шыңу туризмінің, сонымен бірге ішкі туризмнің өзара қатынасы Қазақстанның рекреациялық жүйесінің негізгі элементтерінің даму деңгейін танытып отыр.

Рекреациялық сфераның маңызды бөлігінің бірі санаторийлық-шипажай қызметі болып табылады. Оңан санаторийлер, профилакторийлер, демалыс үйлері мен базалар, пансионаттар жатады. Қазақстан

емдік су көздеріне, бальнеологиялық ресурстарға бай және елімізде санаторийлық-шипажай мекемелердің бірнеше түрлері жұмыс атқаруда. Рекреация және туризмнің осы сегмен-ті қызмет көрсету аясының «кеңес дәуірі кезеңіне сай болуына орай» әзірше отандық туристердің қалауын ғана табуға. Шетелдік туристер Қазақстанның шипажайларында демалғысы келсе де олардағы қызмет көрсету деңгейі халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келмейді. Жалпы айтқанда, орналастырудың арнаулы құралдарының дамуы көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда: аумақтық орналасу, климат жаңдайы, емдік ресурстар, көлікке оңай қол жеткізу-лігі, инфрақұрылымның дамуы. Қазіргі уақытта Қазақстанда 106 санаторий, емдеу пансионаттары, санаторий-профилакторийлер, 13 демалыс үйлері және базалары бар.

Орналастырудың арнаулы құралдардың дамуы, олардың табыстарының өсуі және Қазақстанның рекреациялық игерулігі оң өзгерістерге әкелді. Мәселен, аңымдағы табыстар өсімі 216,8%-ды құрады, оның ішінде туристік қызмет үлесі – 182,1%. Бұл рекреациялық қызмет көрсетудегі зор ойысулардың маңынасын және санаторийлық-шипажайлық мекемелерінің туризмдегі мәнінің еліміздің деңгейінде артқанын айғақтап отыр. Сонымен қатар туризм мен оның құрамдас бөліктерінің дамуы экономика секторы ретінде жаңымды, әрі оңтайлы бағалау жасауға толық мүмкіндік бермейді.

Туризм мен рекреациялық қызметте ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) орны айрықша. ЕҚТА-дың рекреациялық бөлігі оларға табиғи ресурстарды тиімді игеру арқылы дәл сол аумақтарда таза табыс табуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында ЕҚТА-дың дамуы әлеуметтік-экономикалық өсудің жалпы үрдістерімен сәйкес бір қалыпты өтіп жатыр. Соңғы он жыл ішінде мемлекеттік ұлттық табиғи бақтар саны 6-на (МҰТБ), мемлекеттік табиғи қорықтар (МТҚ) саны 2-ге өсті. Қазақстанда ҚР Үкіметінің 2006 ж. 10 қарашасында № 1074 Қаулысымен бекітілген «Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың Тізіміне» орай 107 ЕҚТА бар. Олардың арасында: 9 МҰТБ, 10 МТҚ, 50 мемлекеттік табиғи қорықша, 5 мемлекеттік қорықтық аймақ, 3 мемлекеттік табиғи резерват, 26 мемлекеттік табиғи ескерткіші және тағы басқа нысандар саналады [7].

Қазақстанның табиғи аумақтары «танымал бренд» ретінде әлі де болса турист-резиденттер мен шетел туристерінің көңілдерін аудара алмай жатыр. ЕҚТА-дың арасындағы аймақтар бойынша сандық және сапалық айырмашылықтар туристік үдерістерге құнды рекреациялық ресурстарды тиімді қосуға мүмкіндік бермейді.

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен бекітілген «2007–2011 жылдарға арналған Туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» Алматы қаласы мен Алматы облысында туристік-рекреациялық кластерді жасау қолға алынды. Туристік кластерді құру мен дамытудың бас жоспары мен мастер-жоспарлары шеңберінде туризм және спорт инфрақұрылымын дамыту үшін жаңдай жасалады. Диснейленд-бақтары және Лас-Вегас-ндай Қапшаңай қаласында туризм мен ойын-сауық индустриясын салу үшін техника-экономикалық негіздеу (ТЭН) және жоба-сметалық құжаттаманы (ЖСК) әзірлеу, қосалқы қызмет көрсету мақсатында «Хоргос» Халықаралық шекарааралық ынтымақтастық орталығы» АҚ маңында инфрақұрылымды әрі қарай дамыту.

Сонымен бірге біраз ойын-сауық мекемелерінің Қапшаңай су қоймасы жаңасына көші-рілуіне орай, «Жаңа Іле» коммерциялық жоба-сы – туристік орталығының зор болашағы бар. Аймақ төңірегінде «Алтын-Емел» МҰТБ-і тәрізді табиғи ескерткіш, Ән салушы бархан енетін сияқты табиғи алғышарттар бар.

Қазақстанда рекреациялық сфера мен туризмнің дамуына негізгі кедергі жасайтын факторларға келесілер жатады:

- рекреациялық әлеуетті пайдалану деңгейіндегі аймақтық қайшылықтар (туристік аңымдардың Алматы және Астана қалаларында шоғырлануы);

- Қазақстанның көрікті жерлерін шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттаудың төмен деңгейдегі саясаты;

- шетел және отандық инвестициялардың жетіспеушілігі үлкен дайындықты талап ететін даму кестесі мен мемлекет тарапынан туризмді реттеушісіз өтіп жатқан туризм нысандарын қазіргі жаңдайларға бейімдеудің ұзаққа созылуы;

- туристік-рекреациялық инфрақұрылым дамуының саланың қажеттілігінен артта қалуы;

- шетел туристерінің демалыс орындарына жету проблемалары (кеден-шекара процедура-лары, жол полициясы тарапынан кедергілер, экологиялық мәселелер және т.б.);

- құнды рекреациялық ресурстарды оңтайлы пайдалануды шектейтін ЕҚТА-ның туристік-рекреациялық сфераға төмен дәрежеде енуі, әкімшілік кедергілер;

- салыстырмалы түрде қысқа рекреациялық маусым және оны ұзарту үшін арнайы ынталандырушы бағдарламалардың жоқтығы, (шип-жайлардың наурыз-мамыр және қазан-қараша айларында толыққанды жұмыс істеуі, қысқы көпфункционалды демалыс түрлерін дамыту);

- туристік-рекреациялық қызметтердің шектеулі ассортименті және оның сапасының бағасына лайықсыздығы;

- туристік-рекреациялық сектордың қоғамдық, кәсіптік ұйымдарының енжарлығы.

Қорыта айтқанда, рекреациялық қызметтің дамуы елімізде бір қалыпты өрбіп жатыр. Рекреациялық қызметтер спектрінің кеңеюі Қазақстан үшін Орталық Азия мемлекеттері арасында лайықты орын алуына мүмкіндік береді. Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуы мақсатында туризм мен рекреацияның тұжырымдамалық ұстанымдарын жаңа көзқараспен қарап әзірлеу қажеттігі туындайды. Туризм мен рекреациялық қызметтің стратегиялық мәселелеріне баса назар аударып, жүйелі тұрғыда қомақты сұрақтардың жауабын табуының уақыты келді деп түйіндеп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Tourism Highlights 2008 Edition / www.unwto.org.

2. Мясни Л. Переориентация международного туризма // Состояние мира 2002. Доклад института Worldwatch о развитии по пути к устойчивому обществу. М.: Изд-во Весь Мир, 2003. С. 129.

3. Юрик Р.А. Анализ современного состояния российского рынка туристских услуг // Маркетинг в Рос-

сии и за рубежом. 2005. № 2. С. 67-76.

4. Tourism Market Trends. 2006 Edition / www.unwto.org

5. Туризм Казахстана в 2007 году. Статистический сборник / Под ред. Ж. И. Омарова. Астана, 2008. 128 с. С. 40, 42-43, 45.

6. Туризм Казахстана в 2005 году. Статистический сборник / Под ред. Э. А. Кунаева. Алматы, 2006. 144 с.

7. Собрание актов Президента РК и Правительства РК. 2006. № 42. Ст. 457. С. 86-110.

The perspectives direction of tourism and recreation are determined.

ҚР БҒМ ҒК

Экономика институты

Түскен күні 23.12.08ж.

Резюме

Рассмотрены проблемы развития туризма и рекреации в мировом масштабе и Казахстане. Проанализированы отдельные показатели туризма и дана оценка туристско-рекреационной сфере. Определены перспективные направления функционирования туризма и рекреации.

Summary

Article is considered problems of tourism and recreation in the world and Kazakhstan. Some indicators of tourism are analyzed and valuations of tourist-recreation sphere are done.